



БІЛІК

№ 5 (139)

5 мамыр, ұлу жылы, 2012

НАУКА И
ИННОВАЦИИ
В ИНДУСТ-
РИАЛЬНО-
ИННОВА-
ЦИОННОМ
РАЗВИТИИ



4
бет

ҒАЛЫМДАР ҒЫЛЫМИ
ЖОБАЛАРЫН
ӨНЕРКӘСІПКЕ
ЕНГІССЕ



5
бет

ОПЫТНО-
КОНСТРУК-
ТОРСКИМ
ПРОЕКТАМ –
НАУЧНУЮ
ОСНОВУ



6
бет

ПРЕЗЕНТАЦИЯ
ЛАБОРАТОРИИ
ЗООТЕХНОЛОГИИ И
СЕЛЕКЦИИ



8
бет



2-3
бетте

Бакытжан Жумагулов:
**«Ғылымды көгертетін,
нәтижесін көбейтетін – бәсеке»**



Бақытжан Жұмағұлов: Ғылымды көзертетін, нәтижесін

12 сәуір – Қазақстан ғылым қызметкерлерінің күні. Бұл күні Отанымыздың өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген зиялы қауым саналатын оқымыстылар үшін елеулі деп білеміз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында ғылым мен ел ғалымдарына ерекше назар аударуы соған болса керек.

Президент тапсырмасын орындау жолында бүгінгі таңда бұл салада қандай жұмыстар істелініп жатыр, отандық ғалымдарды қолдау, олардың еңбектерін бағалап, абыройларын арттыру, мәртебесін көтеру, басқа да түйінді сұрақтар бойынша, Білім және ғылым министрі, академик Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВТЫ әңгімеге тартқан едік.

– Бақытжан Тұрсынұлы, сіз ғалым-математик болумен қатар, ғылым саласына жүйелі көзқарастарыңызбен танымалсыз. Мемлекет басшысы қойған өмірлік мақсаттарды іске асыру үшін қандай мәселелерді шешу қажет деп санайсыз?

– Ең алдымен, еліміздің барлық ғалымдарын кәсіби төл мерекелері – Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтауды парыз санаймын.

Ал негізгі мәселеге келсек, менің ойымша, олар – үшеу. Ол – ғылымды қаржыландыру, қоғам мен экономикаға оның нәтижелерінің қажеттілігі және ғалым мәртебесі. Елбасының қолдауымен соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру қарқынды өсуде. Оның көлемі ішкі жалпы өнімнің өсу көлемінен әжептәуір алда келеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына 2011 жылы бюджеттен бөлінген қаржы көлемі 28,8 миллиард теңге болса, 2012 жылы бюджетке қосымша түзетулерді енгізе отырып, 49 миллиард теңге қарастыру-да, бұл 70 пайыздық өсімді көрсетеді.

2015 жылы ғылымға бөлінетін қаржы көлемі ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын, 2020 жылы ең аз дегенде 1,5 пайызды құрайтындай деңгейге жеткізіледі.

Екінші мәселе, ғылым нәтижесін тиімді пайдалану, оны бүгінгінің жаңа технологиясына және бәсекеге қабілетті тауарға айналдыру. Кеңес дәуірінде бұл жоспарлы түрде шешілетін. Өйткені, бұған ауқымды салалық және жобалау институттар тарабы, ғылым мен өндіріс өзара байланыс жасап, шаруашылық келісімдер жүйесі қатыстырылатын.

Алайда, жаңа экономикалық жағдайда мұндай жүйе өмірге қабілетсіз болды. Ал нарықтық шарштарға сәйкес келетін жаңа жүйе аяғына дейін құрылып болған жоқ. Ғылымның экономика мен инновацияларға іс жүзінде шығуы әлі баяу болып тұр.

Қазақстандық ғылымды қажет ететін өнімнің әлемдік нарықтағы үлесі мүлде жоқ десе де болады. Бұл үлес ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет тиімділігінің қорытынды көрсеткіші болып табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалға жүгінеміз. Еуропа одағы елдерінің ғылымды қажет ететін өнімнің әлемдік нарықтағы үлесі – 35%, АҚШ – 25, Жапония – 11, Сингапур – 7, Оңтүстік Корея – 4, Қытай – 2% құрайды. Мұның себебі не десек, ғылым нәтижелерін өндіріске енгізуге бизнес қызығушылығының болмауында, өндірістік және жеке қаржы секторының ғылымға, ғылыми-инновациялық қызметке инвестиция мөлшерінің өте аздығында деп білеміз.

Бұл мәселені шешу ісін Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында, Қазақстан Республикасындағы инновацияларды дамыту және технологиялық модернизациялау, бұдан басқа да көптеген бағдарламаларда нақты бағыт-бағдар берілді. Президент Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында жаңа бастама – Жол картасының «Бизнес және ғылым-2020» әзірлемесін ұсынды. Елдің қарқынды дамуына жол ашатын бағдарламаларды жүзеге асыру Қазақ елі ғылымның экономикалық сұранысқа ие екенін дәйектеп, бәсекеге қабілетті

нәтижелерін қамтамасыз етіп, ғылымның өндіріспен байланысының маңызды институциялық элементтерін құруға мүмкіндік жасады.

Үшінші мәселе, ғалымның мәртебесі – алдыңғы екеуінің туындысы ретінде шешіледі. Ғылыми-зерттеулерге қажетті қаржы бөлініп, ғалымдар тиісті еңбекақысын ала бастағанда, оның нәтижесі жаңа технологиялар мен тауарларға айнала бастайды. Осындай сәтте ғалым мәртебесі айтарлықтай артары сөзсіз.

– «Бизнес және ғылым-2020» жол картасы жобасын жасағандарыңыздан хабардармыз. Осы жобаның мақсат, міндеттеріне тоқтала кетсеңіз.

– Министрлік басқа мүдделі министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың қолдауымен (Экономикалық даму және сауда, Индустрия және жаңа технологиялар, Ауыл шаруашылығы, Мұнай және газ, қаржы министрліктері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, Назарбаев Университеті, Экономика институты, т.б.) мұндай жол картасы жобасы жасалып, ортақ жұмыс қазір келісу үстінде.

Мақсат, міндетіне келер болсақ, бизнес пен ғылымның өзара тиімді қатынасын қамтамасыз ету, ғылыми-инновациялық салада мемлекеттік-жеке серіктестікті дамыту жоба арқауы болып табылады. Әлемдік тәжірибе сараптамасы көрсеткендей, мұндай өзара серіктестік ғалым еңбегінің сұранысқа ие болуының, ғылыми жетістіктерді экономикаға енгізудің басты кепілі болып табылады. Ол үшін, келесі міндеттер алға қойылған:

– ғылыми-зерттеулерді экономикалық сұраныстарға бағыттау;

– ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциялаудың тиімді механизмдерін дамыту;

– Назарбаев Университетінде зияткерлік-инновациялық кластер құру және оның тәжірибесін тарату;

– ғылыми-инновациялық қызмет, өндіріс және бәсекеге қабілетті жоғары технологиялы өнім шығару;

– ғылым саласында кадрлық әлеуетті дамыту.

Осының нәтижесінде 2020 жылға қарай Қазақстан әлемде басымдыққа ие 20 алдыңғы қатарлы технологияны бизнестің қатысуымен өндіріске енгізеді. Ғылым мәртебесі нығайып, ғылыми-инновациялық салаға жас кадрлар легі келеді. Сөйтіп, 45 жасқа дейінгі зерттеушілер үлесі 40% болып, оқымыстылар айтарлықтай жасарады. Отанымызда ғылыми-зерттеумен айналысатындар саны бір жарым есе артып 0,19%-дан 0,30%-ға жетеді.

Ғылымның кадрлық жаңаруына Елбасы Н. Назарбаевтың орнықты саясатының көп ықпал еткенін атап өтуіміз керек. Былтыр желтоқсанда өткен Қазақстан ғалымдарының форумында сөйлеген сөзінде: «Бүгінде ғалымдар, зерттеушілер мен ғылыми қызметкерлер Қазақстанның дамуына шешуші үлес қосатын уақыт келді. Ғылым мен ғалымдардың маңыздылығы арта түседі», деді. Бір атап өтерлік жетістік, соңғы жылдары көп айтылып жүрген ғылыми кадрлардың «қартаю» үдерісі бәсеңдей баста-

ды. Біз мемлекеттік тапсырысты магистрлік гранттарға 2 есе, PhD докторларына – 2,5 есе арттырдық. 2020 жылға қарай жыл сайын 1 мыңға жуық докторлар, олардың едәуір бөлігі, әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында дайындалады. Бұл ғалымдар Президент тапсырмасы бойынша тек ғылым үшін, ғылыми-зерттеулер үшін әзірленетін болады.

– Зерттеулерді коммерциялау деген жиі айтылады. Бұл қалай, ғылымды коммерциялау ма деп сұрап жатады. Осы термин туралы жан-жақты түсінік бере кетсеңіз артық болмас еді.

– Иә, мен де естіп жүрмін. Кезінде Ромен Роллан «Өмірдің сан қырлы соқпағына түскенде ғана бірдеңені түсіне бастайсың» деп өте дәл айтып кеткен болатын. Мемлекет басшысы ұсынған үдемелі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға кіріскенге дейін коммерциялау біз үшін тек сөнге айналған теориялық термин ғана болып, ол туралы түсінік пен тәжірибеге қолымыз да, ойымыз да бара бермейтін. Алайда, жаңа-дың экономикалық дағдарыс бізге күшті ғылым мен оның нәтижелерін іс жүзінде игермесең жұмысың ілгері жылжымайтынын көрсетті. Сондықтан да талабы күшті дәуірге қарай «өмірдің соқпағына түсу» қажет болып отыр.

Шетелде коммерциялау нарықтық экономика тәжірибесінде ғылыми жетістіктерді игеру үдерісінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Шын мәнінде бұл терминнің мазмұны айтарлықтай қарапайым: жаңа және жетілдірілген тауарларды, үдерістер мен қызметтерді рынокқа шығару мақсатында ғылыми нәтижелерді іс жүзінде қолдану, экономикалық дамуына бағыттау.

Мұны нақты түсіну үшін инновациялардың «өмірлік циклын» қарастырамыз. Ол төмендегідей компоненттен тұрады: «ғылыми-зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер (ТКӨ), коммерциялауды өндіріске енгізу». Зерттеулер және ТКӨ, ғылым, өндіріс, бизнес саласы. Яғни, коммерциялау дегеніміз – ғылым мен бизнес арасындағы негізгі байланыстырушы дәнекер. Дәл соның өзі интеллектуалды меншікті (өнертабыстар, патенттер, тәжірибелік үлгілер, пайдалы модельдер, т.б.) үдерістің барлық қатысушыларына – авторларға, да бизнеске де, бүкіл қоғамға да экономикалық нәтижелер екелетін рынок тауары.

Осы орайда, Білім және ғылым министрлігі Үкіметтің «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциялау туралы Ережені бекіту туралы» қаулы жобасын дайындады. Онда ғылыми-зерттеулерге қолданылатын коммерциялау ұғымына, оның негізгі түрлеріне, үлгілері мен мемлекеттік қолдаудың бағыттарына түсініктемелер берілген.

Мұндай құжат қазақстандық ғалымдар мен бизнесмендерге коммерциялау үдерістерін өрістетуге қажетті базаны орнықтырады.

– Коммерциялау ісіне мемлекет қандай дәрежеде қолдау көрсете алады?

Н.Ә.Назарбаев: «Мен айтқанмын да және тағы айтқым келеді: инновация халық үшін қарапайым тілде – ол жаңалық, ғылымның өндіріске енгізілуі. Инновация дегеніміз - еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыратын іс. Бірақ әрбір инновация қандай да бір уақытта өз шегін сарқиды. Міне сонда іске ғылым араласады, сол кезде қандай да жаңа нәрсені ойлап табу керек – қандай да тетік не жабдық қою керек. Мәселе осындай, егер қарапайым тілмен, саусақпен түсіндіріп айтатын болсақ»

көбейтетін — бәсеке

– Қолдаудың түрлері өте көп. Ең алдымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес мемлекет қолдау көрсететін ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің басым бағыттарын нақты анықтау керек. Мұндай анықтаманы Қазақстан Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия жүзеге асырып жатыр.

Министрлік ұсынған бастама: мемлекет қаржыландыратын ғылыми-техникалық бағдарламаларды мемлекеттік-жеке серіктестік принциптеріне негізделген бизнес тарапынан ортақ қаржыландыру арқылы құру және орындау болып отыр. Бүгінгі жағдайда өндірістік компаниялардың жаңа технологияларды жұмысына пайдаланылуына да мемлекеттік ынталандыру сөзсіз қажет. Ол бизнес тарапынан жаңа технологиялар мен ғылыми әзірлемелерге деген сұранысты тудыратыны кімге де болса түсінікті болар.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір түрі ретінде біз Бүкіләлемдік банкпен бірлесіп шетелдік алдыңғы қатарлы тәжірибені әкелуге бағытталған «Технологиялар коммерциясы» жобасын іске асыруды бастадық.

Коммерцияны қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуды, нақтылай түссем, республиканың ең ірі ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарында осы істі жүргізетін орталықтар, бөлімшелер құруды жеделдете бастаймыз. «Ғылым туралы» заң аясында атқарылатын өмірлік мәні бар жұмыстар бір жерге жинақталады. Бұл зерттеулерді коммерциялаудың жылдам дамуына көмектеседі деп білемін.

– Бұл теориялық түйіндеулер десек, қарапайым мысалмен қалай айтқан болар едіңіз?

– Мысалға, ғалымдары жаңа технология әзірлеген ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) не жоғары оқу орнын алайық. Лабораториялық түйіндеулер аяқталғаннан кейін осы ҒЗИ қажетті тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жасап, патент иеленуге ұмтылуы керек. Ары қарай коммерциялау үдерісі өзінен өзі басталады. Осы жаңа технологияны өндіріске енгізуге қаржы салатын инвесторды іздеуі керек. Патент иегері ретінде институт пен инвестор арасында келіссөздер жүргізіліп, ғылыми мекеме халықаралық нормалар бойынша бағаланған зияткерлік меншігін, ал инвестор – ақша салатын ортақ инновациялық кәсіпорын құруды нақтылайды. Екіжақты келісім өндірісте ұштасып, пайда әкеле бастайды. Пайда инвестор мен ҒЗИ, сонымен қатар, әзірлеменің тікелей авторлары, жүзеге асыруға экономикалық тұрғыдан мүдделі ғалымдар арасында бөлінеді. Бар болғаны осы. Механизмі айтарлықтай қарапайым.

Айтпақшы, біздің ғалымдарымызға үйреншікті емес терминнің бірі – франчайзинг. Бұл лицензиялауды ары қарай дамытатын, қажет жерге ұсынатын механизм. Бірақ осы жағдайда бір өнертабысқа бір лицензия емес, интеллектуалды меншік объектілерінің тұтас пакет: патенттер, ноу-хау, ұйымдастыру механизмдері, сауда маркасы, т.б. сатылады. Қарапайым мысал, «бір қаптамада» ас дайындаудың патенттелген технологияларын, ноу-хау, жылдам тамақтандыру жүйесін ұйымдастыруды және өзінің сауда маркасын ұсынатын – МакДональдс фирмасын алыңыз. Мұндай пакеттерді сатудың тиімділігі – МакДональдс жиырма жылдың ішінде өз мейрамханалар жүйесімен бүкіл әлемді қамти алатынын көрсетті. Менің ойымша, біздің ғалымдар да бизнесмендермен біріге отырып болашақта өз жаңалықтарымен осындай дәрежеге жеткізеді деген сенімдемін.

– Құптарлық ізденіс екен. Дегенмен, «артық қыламыз деп жүріп тыртық қылып» алмаймыз ба?

– Жаңалық бірден тастай батып, судай сіңіп кете қоймайтыны белгілі. Қойған сұрағыңыз біз үшін белгісіз «қауіптер» емес, жеңе алатын және жеңуге тиісті «кедергілер» деп білемін.

Иә, ТҚӨ жүргізуге қажетті көңіл аударылмай жатқаны анық, оны жоққа шығара алмаймыз. Әйтсе де мәселені шешудің жолдары баршылық. Біріншіден, ғылымға бөлінетін қаржыны арттырғанда ТҚӨ кезеңіне және жоғары оқу орындары мен ҒЗИ-да тиісті инфрақұрылымды қалыптастыру алдымен ескеріледі. Екіншіден, мемлекеттік және жекеменшік ортақ қаржыландыратын арнайы мақсатты «Ғылым – бизнеске» бағдарламасын іске қосамыз. Мұнда жеке бизнес зерттеулер және әзірлемелердің барлық деңгейлері ортақ қаржыландырылады, немесе зерттеулер мемлекет есебінен жүргізіліп, ТҚӨ бизнесті өз мойнына алады. Үшінші жолы, Назарбаев Университеті ұйытқы болып отырған зияткерлік-инновациялық кластерге ұқсас мемлекет пен бизнес қаржысын тарту арқылы еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдары жанынан арнайы инфрақұрылым құру. Оның бағыт-бағдары жоғарыда айтқан жол картасына енгізілді. Мұндай құрылымдарды біз зерттеу және инновациялық бағыттағы университеттердің, басқа ұйымдардың жаңа заңнамасына сәйкес құрылатын «Парасат» ұлттық ғылыми-техникалық холдингте дамытамыз.

Бәрі жеңіл болады деп ешкім де айта алмайды. Коммерциялау кезеңіндегі қиындықтарды жеңуіміз керек. Дамыған мемлекеттердің өзінде мұндай уақытта венчурлық қорлар мен фирмалардың ауқымды жүйесі қолұшын береді. Біз де осындай тың қадамдар арқылы тәжірибе жинайтын боламыз.

Осы күндері ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары дерлік өздерінің зияткерлік меншігін тиімді коммерциялай алмай отыр. Бұл мәселені шешу үшін ең ірі жоғары оқу орындары мен іргелі ҒЗИ-ды лицензиялауды қолдай отырып дамытамыз. Технологияларды коммерциялау орталықтарын, яғни коммерциямен кәсіби түрде айналысатын ұйымдар құрамыз. Ондай жоғары оқу орындары мен ҒЗИ белгілі бір уақытқа дейін өздерінің зияткерлік меншік құқығын өзара тиімді шарттарда бүгіп қалмай көрсете алады. Орталықтар коммерциялау үдерісімен жүйелі қамтамасыз етеді.

Ең бастысы, ғылыми жетістіктердің негізінде өндірісті технологиялық қайта жабдықтауға бизнес көздері мүдделі болуы керек. Бұл үшін жалпы мемлекеттік ауқымдағы маңызды шаралар ұйымдастырылуы қажет. Жол картасы бағдарламасы аясында зерттеушілерді ынталандыру үшін түрлі жеңілдіктер, сақтандырулардың тиімді жолдарын, қамқорлыққа қарай талап ету, өзге де бірқатар шаралар ұсынылуда.

Осы мәселелерді шешкенде ғана біз ғылымның барлық салада тиімді сұранысқа ие болуы туралы сөз ете аламыз. Иә, қиыншылықтар бар, оны білеміз, қазіргі іс қимылымыз соны жеңу амалдарына бағытталып отыр. Ел Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың саяси күш-жігерінің арқасында қазақстандық ғалымдарға мол мүмкіндік жасалып, ғылым жетістіктерін тәжірибеде жүзеге асыруға даңғыл жол ашылды.

Биылғы жылды ғылыми-техникалық салада нағыз бетбұрысты деп айтуға болады. «Ғылым туралы» жаңа заңнама іске қосылды. Ғылымды қаржыландыру шешімін тапты. Ендігі жерде ғалымдар нақты еңбек етіп, соның нәтижесін жалғастыра беретін болады.

– Әңгімеңізге рахмет.

**Әңгімелескен
Сүлеймен МӘМЕТ.
«Егемен Қазақстан».**

Инновация түсінігі

– Инновация – жаңа идеяларды түрлендіруге байланысты қызмет түрі.

– Инновация – нарыққа енгізілген жетілдірілген өнім.

– Инновация – практикалық қызметте пайдаланған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс.

– Инновация – әлеуметтік қызметтерге жаңа тәсіл.

– Инновация – ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін болжайды.

– Инновация – инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар, ақпараттық, консалтингтік, әлеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа зерттеудің нәтижелерін енгізетін техникалық, технологиялық және ұжымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

– Сонымен инновация дегеніміз – өндірісті және қоғамды басқарудың түрлі салаларын енгізулі экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық жағынан маңызды болып табылатын, сондай-ақ, зияткерлік меншік объектісі ретінде танылған ғылыми – техникалық қызметтің нәтижесі.

Әлем елдерінің барлығының экономикалық сипаты мен дамуын анықтайтын маңызды факторлардың біріретінде бүкіл әлемде мойындалған ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) батыс және отандық едебиеттерде инновациялық процес ұғымымен байланыстырылады. Бұл процесс жаңалық табуды білдіреді және ғылыми идеяның туылуынан оның коммерциялық іске асуына дейінгі кезеңдерді, яғни өндіріс, айырбас, тұтыну қатынастарының бүкіл жинағын қамтиды.

Инновациялық процестерді зерттеудің маңыздылығы, бір жағынан, қоғам экономикасын көтеру үшін ғылым мен инновациялардың ерекше маңыздылығымен, екінші жағынан, Қазақстан Республикасында инновациялық дағдарысты жеңу жолдарын анықтау қажеттілігімен түсіндіріледі.

«Инновация» термині өтпелі экономика кезеңінде белсенді пайдаланады. С.б. «инновациялық қызмет», «инновациялық процесс», «инновациялық шешім» және т.б. туыстас түсініктер енді. Инновация түсінігін анықтау үшін ғалымдардың әртүрлі көзқарастарымен танысу керек.

Инновация дегеніміз белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жаңашыл жаңалықтарды кешенді құру процесі, таралуы және қолданыс табуы. Әртүрлі ғалымдар, әсіресе шетелдік (Н.Мончев, И.Перлаки, В.Хартман, Э. Мэнсфилд, И.Шумпетер және т.б.), инновация түсінігін өзінің зерттеу объектісі мен саласына байланысты тұжырымдар айтты. Мәселен, Б.Твисс инновацияның ғылыми ашылымдар немесе идея экономикалық мазмұнға ие процес ретінде анықтайды. Ал, Б.Сантоның пікірінше, инновация – бұл қоғамдық, техникалық және экономикалық процесс, яғни идеялар мен ашылымдарды практикада қолдану арқылы қасиеттері жақсы өнімдер мен технологияларды құруға жеткізеді. Ал егер де инновация экономикалық табысқа, пайдаға негізделсе, онда оның нарықта пайда болуы қосымша табысты әкелуі мүмкін. И.Шумпетер инновацияны кәсіпкерлікпен тығыз байланысты өндіріс факторлардың жаңа ғылыми-ұйымдастырылған комбинациясы деген анықтама ұсынған.

Инновацияның әртүрлі анықтамаларын талдау нәтижесінде, инновацияның спецификалық мазмұнын өзгерістер құрайды, ал инновациялық қызметтің негізгі функциясы өзгеріс функциясы болатынын анықтайды.

Сонымен халықаралық стандарттарға сәйкес инновация – (инно-қ қызметтің соңғы нәтижесі) жаңа немесе жетілдірілген өнімге айналған, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс нарығына өндірілген, тәжірибе жүзінде пайдаланылатын немесе әлеуметтік қызметтерге қатысты пайдаланылатын инновациялық қызметтердің соңғы нәтижесі.

Инновациялық процесті жаңашылдарды өткізу процесінде болатын ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістердің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Ал жаңашылдарды құру, тарату және пайдалануды инновациялық цикл деп атайды.



В настоящее время в Республике Казахстан взят курс на форсированное индустриально-инновационное развитие, определены приоритеты создания конкурентоспособных, в том числе, экспортноориентированных производств, реализуемые в отраслях экономики несырьевой направленности.

На современном этапе экономического и общественного развития образование и наука превращаются в одну из самых обширных важных сфер человеческой деятельности, которые тесно переплетены со всеми другими областями общественной жизни. Это связано с переходом страны на инновационный путь развития и использование научных достижений в реальном секторе экономики, активизацией научно, научно-технической и инновационной деятельности вузов и научных организаций.

Построение демократического казахстанского общества и вхождение республики в мировое образовательное пространство потребовали разработки Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы, нового Закона «О науке» и, соответствен-

но, индустриально-инновационного развития областей и регионов Казахстана.

Приоритетными отраслями промышленности, требующими особого внимания в Павлодарской области, являются металлургия, энергетика и машиностроение. В регионе имеется большое количество квалифицированных работников и предприятий в этих секторах производства, материально-техническая база, которая при умелом ее использовании, позволит с наименьшими затратами осуществить переход к технологиям нового уровня.

Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова – это крупный научно-учебный центр не только Павлодарского региона, но и всего Казахстана в целом. В вузе обучается около 9 тысяч студентов по широкому спектру технических, социально-экономических, естественнонаучных, гуманитарных и педагогических специальностей, подготовку которых осуществляет около 800 преподавателей из них – более 40 докторов наук, профессоров, 250 кандидатов наук, доцентов и 200 магистрантов и докторантов PhD. В университете

правлена на решение целого комплекса проблем Павлодарской области и Республики Казахстан, имеющих актуальное социально-экономическое значение. Целью создания Регионального центра инноваций и трансфера технологий является содействие комплексному развитию инновационных производств в секторе крупного, среднего и малого предпринимательства посредством прямой передачи и трансфера технологий на коммерческой основе.

Основными задачами Центра инноваций и трансфера технологий являются: аккумуляция инновационных технологий, разработанных в рамках вузовской научной среды, их лицензирование, патентование и коммерциализация инновационных технологий; формирование баз данных инновационных технологий на основе сотрудничества университета с ведущими мировыми производителями техники и технологий, основного производственного капитала в целях оказания консалтинговых и инженеринговых услуг по прямому трансферу инновационных технологий; оказание широкого спектра консалтинговых услуг по развитию инновационного предпри-



РОЛЬ НАУКИ И ИННОВАЦИЙ В ФОРСИРОВАННОМ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОМ РАЗВИТИИ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» определены новые задачи укрепления экономики, повышения благосостояния народа. Главным вектором развития Казахстана в ближайшем десятилетии является социально-экономическая модернизация.

но, перехода на новую модель национальной системы образования, учитывающую богатый опыт и достижения бывшей советской системы и общемировые тенденции в развитии образования и науки.

Новый Закон «О науке» регулирует общественные отношения в области науки и научно-технической деятельности, определяет основные принципы и механизмы функционирования и развития национальной научной системы Республики Казахстан.

В своем Приветственном слове на торжественном собрании, посвященном Дню работников науки в г. Астане, 12 апреля 2012 г. Министр образования и науки Республики Казахстан Жумагулов Б.Т. отметил: «В настоящее время главным приоритетом нашей деятельности является разработка и внедрение инноваций и, как сказано в Послании Президента страны народу Казахстана этого года – укрепление казахстанской инновационной системы в целом».

В соответствии с Законом «О науке» основными видами деятельности, осуществляемыми вузом, наряду с образовательной является: научная, научно-техническая и инновационная, в том числе проведение научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ. Вузам разрешено создавать научные лаборатории, научно-исследовательские институты, опытные производства и специализированные субъекты инновационной инфраструктуры.

Таким образом, основными предпосылками индустриального развития регионов Казахстана должны стать интеграция образования, науки и производства, внедрение и разработка новых идей научных знаний, технологий и видов продукции в различные области производства и сферы управления обществом, результаты которой используются для экономического роста и конкурентоспособности.

В целях выполнения Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010-2014 годы утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 реализуются Программы

имеется солидный научный потенциал. Научно-исследовательская работа проводится на базе 9 факультетов и 13 научно-практических центров, научно-технологического парка «Ертіс», центра инноваций и трансфера технологий, студенческого научного центра.

Основные направления научно-исследовательских работ, проводимых в Павлодарском государственном университете им. С. Торайгырова: энергетика и энергосберегающие технологии, строительства, машиностроение, биотехнология, экологический мониторинг, охрана окружающей среды и рациональное использование природных ресурсов, проблемы экономики региона, социологические и лингвокультурологические исследования проблемы высшей школы и подготовки кадров. В университете существуют лаборатории и кафедры способные инициировать инновационные проекты и разработки в т.ч. разработки экологически чистых источников энергии; нанотехнологий, машиностроения и металлургии, новых материалов, электроники, информационных технологий, развитие современных безотходных технологий и др.

В целях дальнейшего развития и совершенствования инновационной научно-исследовательской работы и участия университета в реализации приоритетов инновационной индустриализации поставленной Главой государства, нами разработан соответствующий план научной работы по основным приоритетам: развитие аграрного сектора, строительная индустрия и производство строительных материалов, развитие металлургии, химической и фармацевтической промышленности, модернизация и развитие сферы энергетики, развитие транспортной и телекоммуникационной инфраструктуры.

В настоящее время с целью укрепления инновационного потенциала, установления эффективных связей между фундаментальной, прикладной наукой и промышленностью, формирования инновационной инфраструктуры в Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова создан Региональный центр инноваций и трансфера технологий. Деятельность Регионального центра инноваций и трансфера технологий на-

нимательства на основе франчайзинга; проведение информационной политики по развитию эффективного маркетинга в области инновационных технологий; содействие коммерциализации научных исследований, лицензий и патентов на инновационные технологии; создание и проектирование действенных инструментов по интеграции промышленного потенциала Павлодарской области, образования и науки; непосредственное участие в реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Павлодарской области, в разработке региональных программ по индустриально-инновационному развитию.

В университете создан региональный банк (сайт) инноваций в котором представлены инновационные проекты, научно-технологические разработки и технологии ведущих ученых университета по следующим научным направлениям: нанотехнологии, биотехнология и развитие фармацевтической промышленности, строительная индустрия и новые строительные материалы, развитие металлургии и машиностроения, энергетика и энергосберегающие технологии, IT-технологии, экология и охрана окружающей среды. Банк содержит более 120 проектов, из них 20 проектов, представленных российскими вузами.

В настоящее время ученые университета участвуют в выполнении ряда международных и республиканских научных проектов и программ в области фундаментальных, прикладных и хозяйственных тем. Заказчиками являются: Министерство образования и науки РК, Министерство охраны окружающей среды РК, Министерство сельского хозяйства РК, Министерство культуры, информации РК, АО «Алюминий Казахстана», Аксуский завод ферросплавов филиал ТНК «Казхром», ТОО «Кастинг», Павлодарский филиал ТОО «БКВ-Групп» и ряд других крупных ведомств и предприятий.

В 2012 году учеными университета выполняются научные исследования по 8 научным проектам в рамках бюджетной Программы 120 «Грантовое финансирование научных исследований», специфика 149 «Прочие услуги и работы». Программа: Грантовое финансирование научно-технических программ и проектов (государственный заказ Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2012-2014 годы), с объемом финансирования 43 942,0 тыс. тенге.

Продолжается финансирование научных исследований по 10 инновационным научным проектам в рамках бюджетной Программы 055 «Фундаментальные и прикладные научные исследования», Программа: Целевое развитие университетской науки, ориентированной на инновационный результат, с объемом финансирования 50 000,0 тыс. тенге.

В числе наиболее значимых научных работ, выполняемых в рамках Программы фундаментальных исследований МОН РК можно назвать:

– «Разработка нанотехнологического способа очистки и обеззараживания воды сложным электрическим разрядом для населенных пунктов РК», научный руководитель д.т.н., профессор Утегулов Б.Б.;

– «Получение стали с использованием железосодержащих шламов глиноземного производств Павлодарского региона», научный руководитель к.т.н., доцент Быков П.О.;

– «Биотехнология животных», научный руководитель д.б.н., профессор Магаш Аятханулы;

– «Микроклональное размножение безвирусного картофеля», научный руководитель д.с/х.н., профессор Бексеитов Т.К.;

– «Применение биогумуса для воспроизводства плодородия почв на орошаемых землях», научный руководитель к.с/х.н., профессор Мустафеев Б.А.

По заказу предприятий Павлодарской области заключены хозяйственные работы на сумму 34 253 000 тенге. Ожидаемый общий объем финансирования на 01 мая 2012 год составляет 130 млн. тенге.

Подготовлен и издан Каталог научно-технических разработок и проектов ученых Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова и Каталог инновационных Казахстанско-Российских научных проектов и разработок, выполняемых совместно с учеными российских вузов.

В рамках Программы индустриально-инновационного развития Павлодарской области запланировано дальнейшее внедрение инновационных процессов на предприятиях промышленного сектора области путем активного формирования и функционирования инновационной инфраструктуры.

Н.Т. ЕРЖАНОВ,
проректор по инновациям и новым технологиям, доктор биологических наук, профессор.

ҒАЛЫМДАР ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫН ӨНЕРКӘСІПКЕ ӨНІКСЕ



– Ғылымдағы соңғы жаңалығыңыз жайлы сыр шертсеңіз?

– Ғылыми жаңалықтың соңғысы не басы болмайды деп ойлаймын. Барлығы да ғылыми жаңалықтың өміршеңдігімен өлшенсе керек. Сондықтан да біз әлемде өлі зерттелмеген тың ғылыми жобаларға көп назар аударамыз. Мәселен, жақында Екібастұз қаласына барып келісім шартқа отырып келдік. Экскаватор тетіктерін игерген жұмысшылардың қауіпсіздігін арттыру жайлы зерттеп жатырмыз. Сондай-ақ, жоғары электр тогымен жұмыс жасайтын электрліктердің қауіпсіздігін арттыратын, керек десеңіз, жұмыс барысында өлім жағдайы болмайтын деңгейге жеткізуді көздейтін жаңа жобаны бастап кеттік. Негізінен осыдан бірнеше немесе ондаған жылдар бұрын ашқан ғылыми жаңалықтарымыз бүгінде Еуропа елдерінде қолданыста жүр. Демек, біздің әрбір ғылыми жұмыстарымызды соңғы ғылыми жаңалықтар ретінде айта беруге болады. Бірақ, бұл мақтану секілді емес пе!?

– Қателеспесем, 2002 жылы сіздің бастамаңызбен ғылыми кеңес ашылған болатын. Дегенмен, ғұмыры қысқа болды ғой...

– Ғылыми Кеңестің ұзақ болмауының әртүрлі себептері болды. Десе де, университетімізде ашылған ғылыми Кеңеске байланып қалған жоқпын. Шәкірттерім Мәскеу мен Челябинскте, Алматыда ғылыми диссертацияларын қорғауда.

– Сіздің шәкірттеріңіз түрлі шыңдарды бағындырып жүргенің құлақтарымыз...

– Ия мен шәкірттеріме көп талап қоямын. Соның бастысы ғылыми тақырыбының өзектілік-маңыздылығы,

Атақ–ғаңқын тізіп шығудың өзі қиын, геседе, өте қарапайым, мақтану–мастану жат, тек ғылыми ізденіске бас қатыратын кім деген сауалға бас қатырсаңыз, жауабын біз айтамыз. Ол – Мемлекет қайраткері, т.ғ.д., профессор Болатбек Бақытжанұлы Өтеғұлов.

Ол – 520 ғылыми және оқу әдістемелік жұмыстар, соның ішінде 1 оқулық, 17 оқу құралдары, 7 монографиялар мен энертабулар авторы.

Ол – әлемде тұңғыш рет кернеуі 1000 В дейін және одан жоғары бейтарабы оқшауланған симметриялы емес үш фазалы электрлік торапта жылыстау тоғыз шамасы мен өтпелі кедергі мәнін анықтаудың математикалық формуласын ашқан.

екіншіден түрлі дәрежедегі конкурстарға қатысып тұруларын талап етемін.

«Шәкірті жоқ ұстаз қанатсыз құспен тең», – демей ме дана халқымыз. Негізінен шәкірттеріммен қашанда мақтана аламын. А.М. Шентимиров «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англиядан оқудан өтсе, С.С. Исенов пен А.Б. Уахитова талантты жастарға арналған 2008-2010 жж. мемлекеттік стипендияның лауреаты атанды. Сонымен қатар, З.Д. Тұрсынбаева мен А.М. Ақаева қара шаңырағымыздың үздік оқытушысы қатарында болса, И.В. Захаров университеттің үздік ғалымы атанды.

– Павлодар электр қуатын өндіретін өңір ретінде де танымал. Жалпы көмірді жағудан басқа қандай электр қуаттарын алуға болады?

– Өңірімізден табиғи жолмен алынатын электр көздері жетерліктей. Мәселен, күннен, желден, судан. Қазірлері біз тұрып тұрған судан электр қуатын алуды зерттеп жүрміз. Судан алынатын жарық көзі ағып тұрған судан алынатынын білесіз. Біз тұрып тұрған судан, демек көл, тоғандардан электр қуатын алуды зерттеудеміз.

– Мемлекеттің дамуымен, өркендеуінде ғылымның қаншалықты ықпалы бар деп ойлайсыз?

– Дамыған елдердің қай-қайсысын алсаңыз да халық шаруашылығына қатысты барлық салаларды ғылымға негіздеген. Бүгін де космосты игерген осынау заманға жетуіміздің өзі ғылымға тікелей тәуелді. Демек, ғылым мемлекеттің стратегиялық дамуының өзегі, діңгегі.

Нарықтық қоғамда ғалымдар өндіріске қажетті жобаларды ұсынып, тиімділігін дәлелдеп, содан түскен қаржыға өмір сүруге болады ғой. Сонда отандық өндірістің дамуына ықпал жасар еді. Дегенмен, көптеген ғалымдарымыздың өндіріске ұсынар жобалары жоқ болып жатады.

– Халық шаруашылығының әр түрлі салаларында электрмен жабдықтау жүйелерін тиімділігін көтеру бойынша зерттеу объектілеріңіз жайлы сөз қозғасаңыз...

– Біздің зерттеу объектіміз өте көп. Мәселен жоғарыда аталған тың ғылыми ізденістермен қатар мыналарды айтуға болады, біріншіден, тау-кен кәсіпорындарының кернеуі 1000 В дейін және одан жоғары бейтарабы оқшауланған симметриялы емес торапта оқшаулама параметрлерін анықтау әдісін әзірлеу, екіншіден, тау-кен кәсіпорындарын электрмен жабдықтау жүйелерін тиімділігін көтеру әдістерін мен құралдарын дайындау, үшіншіден, тау-кен кәсіпорындарында кернеуі 1000 В дейін және одан жоғары электрқондырғыларын пай-

